

ЕКІЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТА БЕРМЕК



Мемлекет басшысы LY iTech компаниясының төрағасы Цзэн Фанцин мен NGTECH Co. Ltd компаниясының төрағасы Ма Синьцянды қабылдады.

Президентке тұрмыстық техникалардың, автотөліктер мен смартфондардың қосалқы бөлшектерін шығаратын және инновациялық технологиялар саласында жұмыс істейтін Қытайдың ірі жоғары технологиялық кәсіпорындары жөнінде мәлімет берілді.

Әңгімелесу барысында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және қосалқы бөлшектер мен лазерлік құрылғы өндіру үшін Қазақстаннан сирек кездесетін металдарды тұрақты түрде жеткізу ісін жолға қою перспективалары талқыланды.

Сонымен қатар еліміздің инновациялық әлеуетін нығайту мәселелері де қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің стратегиялық серіктес екенін, соның ішінде Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» жаһандық бастамасы аясында ынтымақтастық орнатқанын атап өтті.

СЕНІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Мемлекет басшысы Қатардың Power International Holding компаниясының иелері Рамез Әл-Хаят пен Муатаз Әл-Хаятты қабылдады.



Кездесу барысында Президент Power International Holding компаниясы Қазақстан мен еліміздің Таяу Шығыстағы стратегиялық серіктесі саналатын Қатар арасындағы экономикалық байланыстарды жолға қою ісіне тың серпін беретінін атап өтті.

Сонымен қатар кездесуде энергетика және геологиялық барлау салаларындағы ынтымақтас-

тық мәселелері қарастырылды. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы, девелопмент-жобаларды іске асыру, денсаулық сақтау бағыттарындағы қарым-қатынастардың перспективалары талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы дамыту бойынша Қазақстанда кешенді шаралар қабылданып жатқанын және шетелден тікелей инвестиция тарту үшін барлық жағдай жасалғанын айтты.

БУЛЛИНГ ДЕЙТІН БҮЛІК БАР

Бүгінде буллинг жасөспірімдер арасында кеңінен таралып отыр. Өкінішке қарай, елімізде әрбір бесінші оқушы буллингке ұшырайды. ЮНЕСКО есебіне сәйкес, елдегі балалардың 63 пайызы зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктің куәсі болғанын, 44 пайызы құрбан болғанын, 24 пайызы мектепте басқа балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен кемсітушілік әрекеттерін жасағаны айтылады.

4»



ӨНЕРДІ ДАМУҒА ЖАНКЕШТІЛІК КЕРЕК



6
БЕТ

ЕПТІЛІК ЕРЕЖЕ ЖАТТАУДА ЕМЕС



8
БЕТ

ҚАТЕРЛІ ІСІКТІҢ ҚАРҚЫНЫ ЖАМАН



Жыл сайын елде онкологиялық дертке шалдыққан науқастар саны артып барады. Былтыр Алматы онкологиялық орталығына 6 айда 9,5 мың науқас емделуге жүгінсе, биыл олардың саны бірінші жарты жылдықтың өзінде 10,5 мыңға жеткен.

Елімізде жыл сайын 37 мыңнан астам адамға қатерлі ісік диагнозы қойылады. Өкінішке қарай, дертке шалдыққандардың жартысына жуығы, дәлірек айтсақ, 14 мыңнан астамы жарық дүниемен қош айтысады. Елімізде соңғы 20 жылдың ішінде онкологиялық аурумен ауыратындардың саны 25 пайызға артқан.

7»

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«AMANAT» партиясының Орталық аппаратында TALQYLAU диалог алаңының кезекті отырысы өтті. Сарапшылар «Елдің жаңа экономикалық бағдары: әділдік, инклюзивтілік және прагматизм» тақырыбын талқылады.

Сөз басында Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауында қоғамдағы барлық өзекті мәселені қозғанын атап өтті.

3»



АҒЫН СУ, СЕНІ САҚТАДЫМ...

Биыл ағын су мәселесі ауылдағы ағайыннан бастап, Мәжіліс мінберіндегі депутаттардың да мазасын қашыруда. Өсіресе, Жамбыл облысының алты ауданында бірдей төтенше жағдайдың жариялануы халық қалаулыларының жанына батқандай.

5»



